

FTAMP 15.81.21

<https://doi.org/10.26577/JPsS20269725>

**А.К. Мынбаева^{1*}, Б.А. Аринова¹, К.Ш. Молдасан¹,
Д.Д. Шевелева², Н. Әсілбек¹**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²«Өркен» балалардың әл-ауқатын қорғау жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық институты,
Алматы, Қазақстан

*e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.edu.kz

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КАПИТАЛЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ: АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ САУАЛНАМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕЙІМДЕЛУІН САЛЫСТЫРУ

«Психологиялық капитал» (PsyCap) жаңа феноменін зерттеудің өзектілігі студенттің психикалық денсаулығын және оның тұлғалық тұрақты дамуын сақтау қажеттілігімен байланысты. Зерттеу 2022 жылы В. Маралов, М. Кудак және О. Смирнованың психологиялық капитал сауалнамасының орыс тіліндегі нұсқасын және 2007 жылы F. Luthans, C.M. Youssef және B.J. Avolio дайындаған «PsyCap-24» ағылшын тіліндегі нұсқасын қазақ тіліне бейімдеу және валидттеуге арналған. Тұлғаның дамуы және оның кәсіби әлеуеті адамның өзіндік тиімділігі, тұрақтылығы және сенімділігі детерминацияланатын индивидтің психологиялық капиталына байланысты болады. Зерттеудің мақсаты – «PsyCap» сауалнамасының ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқаларының бейімдеу және валидтеу сапасын бағалап және салыстыра отырып, оларды қазақ тіліне бейімдеу. Мақалада бейімдеу және валидтеу нәтижелері көрсетіледі. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы студенттердің психологиялық капиталы туралы кеңейтілген эмпирикалық мәліметтердің алғаш рет Қазақстанда алынуымен қорытындыланады. Зерттеу ғылыми-практикалық тұрғыда құнды және еліміздегі психодиагностиканың дамуына үлес қосады. Психометриялық зерттеуде орыс тіліндегі нұсқасын бейімдеу үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен және Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институтынан барлығы 647 студент (N = 647) қатысты. Бұл сұрыптау кездейсоқ таңдалған екі іріктеуге бөлініп көрстелді: N = 447 –EFA (барлаушы-зерттеуші факторлық талдау) N = 200 –CFA (расташушы факторлық талдау). Қайта тестілеуге 115 студент қатысты. Алынған нәтижелер В. Маралов, М. Кудак және О.Смирнованың орыс тіліндегі нұсқасының уақыттық тұрақтылығының әлсіздігін байқатады. Қазақ тіліне бейімделген ағылшын тіліндегі нұсқасы тұлғаның жеке психологиялық капиталын өлшеу үшін сенімді және валидті болып табылады. Нәтижелердің практикалық маңызы Қазақстандық студенттердің психологиялық капиталы бойынша алынған деңгейлердің біртұтастығына байланысты сипатталады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері PsyCap-24 ағылшын тіліндегі тестінің қазақ тіліндегі нұсқасын студенттердің тұлғалық психологиялық капиталын бағалаудың валидтік құралы ретінде қолдануға болатынын көрсетті.

Түйін сөздер: психологиялық капитал, өзіндік тиімділік, тұрақтылық, оптимизм, үміт, психодиагностика, психометрия.

A. Mynbaeva^{1*}, B. Arinova¹, K. Moldassan¹,
D. Sheveleva², N. Assilbek¹

¹Farabi University, Almaty, Kazakhstan

²«Orken» National Scientific and Practical Institute for the Protection of Children's Welfare,
Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.edu.kz

Diagnosis of Students' Psychological Capital: Comparing the Adaptation of the English and Russian Questionnaires into the Kazakh Language

The study on the new phenomenon of "psychological capital" (PsyCap) is important and necessary in order to preserve the mental health of the student's personality and its sustainable development. This study adapts and validates the Russian version of the 2022 psychological capital questionnaire by

C.M. Youssef, and B.J. Avolio in 2007, into the Kazakh language. Personal development and professional potential depend on a person's self-efficacy, resilience, and optimism, which are determined by an individual's psychological capital. The purpose of the study is to adapt the "PsyCap" questionnaire into Kazakh by assessing the quality of adaptation and validation, comparing the English and Russian versions. The article presents the results of the adaptation and validation. The scientific and practical significance of the study lies in the expansion of empirical data on students' psychological capital, and the first data has obtained in Kazakhstan. The study has scientific and practical value and contributes to the development of psychodiagnostics in the country. 647 students (N = 647) from Al-Farabi Kazakh National University, Abai Kazakh National Pedagogical University, and South Kazakhstan Pedagogical Institute participated in the psychometric study on the adaptation of the Russian-language version. This sample was randomly divided into two groups: N = 447 for exploratory factor analysis (EFA) and N = 200 for confirmatory factor analysis (CFA). A total of 115 students participated in the retest. The results show that the Russian-language version of the test by V. Maralov, M. Kudak, and O. Smirnova, in our translation and adaptation, has weak stability over time. The English-language version, adapted into Kazakh, is reliable and valid for measuring an individual's psychological capital. The practical significance of the results is obtaining a comprehensive picture of the levels of psychological capital of students in Kazakhstan. Overall, the results of the study demonstrate that the Kazakh version of the English-language PsyCap-24 test can be used as a valid instrument for assessing the psychological capital of students' personalities.

Keywords: psychological capital, self-efficacy, resilience, optimism, hope, psychodiagnostics, psychometrics

А.К. Мынбаева^{1*}, Б.А. Аринова¹, К.Ш. Молдасан¹,
Д.Д. Шевелева², Н. Әсілбек¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Национальный научно-практический институт защиты благополучия детей «Өркен»,
Алматы, Казахстан

*e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.edu.kz

Диагностика психологического капитала студентов: сравнение адаптации английского и русского опросника на казахский язык

Актуальность исследования нового феномена «психологического капитала» (PsyCap) связана с необходимостью сохранения психического здоровья личности студента и его устойчивым развитием. Исследование посвящено адаптации и валидации русского варианта опросника психологического капитала В. Маралова, М. Кудака, О. Смирновой 2022 года и английской версии «PsyCap-24», разработанного F. Luthans, C.M. Youssef и B.J. Avolio в 2007 году, на казахский язык. Развитие личности и его профессиональный потенциал зависят от самооценки, устойчивости, оптимизма человека, которые детерминируются психологическим капиталом индивида. Цель исследования – адаптировать опросник «PsyCap» на казахский язык, оценить качество адаптации и валидации, сравнив английскую и русскую версию. В статье приводятся результаты адаптации и валидации. Научная и практическая значимость работы заключается в расширении эмпирических данных о психологическом капитале студентов, и впервые полученных данных в Казахстане. Исследование имеет научно-практическую ценность и вносит вклад в развитие психодиагностики в стране. В психометрическом исследовании по адаптации русскоязычной версии приняли участие 647 студентов (N = 647) Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахского национального педагогического университета им.Абая, Южно-Казахстанского педагогического института. Данная выборка была случайным образом разделена на две выборки: N = 447 – для проведения EFA (разведывательного факторного анализа), N = 200 – для CFA (конфирматорного факторного анализа). В ретесте приняло участие 115 студентов. Результаты показывают: русскоязычная версия теста В. Маралова, М. Кудака, О. Смирновой в нашем переводе и адаптации имеет слабую устойчивость ко времени. Англоязычная версия в адаптации на казахский язык является надежной и валидной для измерения психологического капитала личности. Практическое значение результатов связано с получением целостной картины уровней психологического капитала студентов Казахстана. В целом, результаты исследования демонстрируют, что казахская версия англоязычного теста PsyCap-24 может быть использованы как валидный инструмент для оценки психологического капитала личности студентов.

Ключевые слова: психологический капитал, самооценка, устойчивость, оптимизм, надежда, психодиагностика, психометрия.

Кіріспе

Әлемдегі және қоғамдағы өзгерістерге орай тұлғаның кәсіби және оқу қызметіндегі қиындықтарды жеңе алуында психологиялық тұрақтылық пен оптимизм, адамның орнықты кәсіби сапалық нәтижелері маңызды болып табылады. Адамның оптимизм, өміршендік, өзіне деген сенімділік пен үмітке қатысты позитивті жағдайын 2007 жылы F. Luthans, C.M. Youssef және B.J. Avolio сияқты авторлар «Психологиялық капитал» деп атады. Ал 2022 жылы В. Маралов, М. Кудака және О. Смирнова студенттердің психологиялық капиталын өлшеудің орыстілді нұсқасын жасады (Маралов және т.б., 2022).

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін біздің елімізде психометрияның дамуы, психодиагностика және сауалнамалардың шетелдік әдістемелерін қазақ тіліне бейімдеу қолға алына бастады. Мысалы, М.Жолдасова және т.б. (2020) әріптестер Бектің депрессияны бағалау сауалнамасын (IDS) қазақшаға бейімдесе, Л. Қасым, О.Х. Аймағанбетова және басқалар (2021) Ш. Шварцтың құндылық бағыттарын өлшеуге арналған сауалнаманы қазақ тіліне икемдеген. Л. Лимашева және т.б. (2025) PUMP мобильді телефонын проблемалық пайдалану сауалнамасын (PUMP), сол сияқты, А.С. Ахметова (2016) – өміршендік тестін, А. Қасымжанова мен Қ. Ахан (2023) – Оксфордтың бақыт туралы сауалнамасын, ал Ж.К. Айдосова мен А.М.Ким (2023) – Бар-Онның эмоционалды интеллектінің қысқартылған сауалнамасын (EQI) қазақ тіліне аударып, қолданысқа бейімдеді.

Сонымен қатар қазақстандық зерттеушілер шетелдік тестерді орыс тіліне де аударып, қазақстандық іріктемеге бейімдеп отыр. Мысалы, Г.Сланбекова мен М.Кабакова (2014) – ажырасуға бейімделу шкаласын, М.М. Умуркулова және т.б. (2020) – студенттердің психологиялық жағдайын өлшейтін сауалнаманы (The Student Well-Being Process Questionnaire) қазақшаға бейімдеген. Қазіргі уақытта қазақ тілін еркін меңгерген жаңа буын жастары өсіп келе жатқандықтан жаңа психометрикалық әдістемелерді қазақ тіліне аудару, бейімдеу және валидтеу қажеттігі туындауда.

Зерттеудің мақсаты – «Психологиялық капитал» сауалнамасын қазақ тіліне бейімдеп, оның валидтілігі мен сенімділігін анықтау, ағылшын және орыс тіліндегі нұсқаларымен салыстыра отырып бейімдеу сапасын бағалау.

Әдебиеттерге шолу

«Психологиялық капитал» ұғымын алғаш рет 2007 жылы F. Luthans, C.M. Youssef және B.J. Avolio енгізіп, «бұл – жеке тұлғаның дамуының жағымды психологиялық күйі, ол мынадай төрт компонентпен сипатталады деп пайымдады: 1) адам күрделі тапсырмаларды орындау үшін жауапкершілік алып, күш-жігер жұмсай алатынына деген сенімділігі (өзіне деген сенім, өзін-өзі тиімді сезіну); 2) қазіргі және болашақ табысқа деген оң көзқарасы (оптимизм); 3) мақсаттарға жету жолында табандылық танытып, қажет болған жағдайда сол жолдарды өзгерте алу қабілеті (үміт); 4) проблемалар мен қиындықтарға тап болғанда, табысқа жету үшін төзімділік танытып, қайта қалпына келіп, тіпті бұрынғыдан да жоғары нәтижеге жетуге ұмтылуы». – деп түсіндірді (Маралов және т.б., 2022; Luthans et al, 2007). Жеке тұлғаның психологиялық капиталын дамыту адамның психикалық денсаулығын әлеуметтік, өндірістік және қоғамдық тұрақсыздық жағдайында сақтап қалуына, кәсіби қызмет барысында психологиялық тұрақтылық танытуына, болашаққа үмітпен қарауына, нәтижеге қол жеткізуіне және кәсіби тиімділігін жоғары деңгейде реттей алуына мүмкіндік береді.

Ф. Люфанс және т.б. (2007) тұғырлары ұйымдастырушылық және позитивті психологияда қарастырылады. Басқа психолог А.Баккер феноменді түсіну үшін төрт шкаланың біреуін өзгерте отырып, «үмітті» тұлғаның «өзін-өзі бағалауы» шкаласына жылжытады, сөйтіп ресурстық тұғырларды ерекше акцентпен атап көрсетеді. А.Дайнеко (2024) айтқандай, психологиялық капиталды зерттеу ұйымдастырушылық-мінзекшілік пен кәсіби іс-әрекет және еңбек психологиясына байланысты болады. Біздің ойымызша, екі теория-тұғырдың да күшті жақтары: ресурстардың жинақталу маңыздылығын адамның және ұйымдардың мойындауы, бұл деген болашаққа бағыттылық; тұлғаның және ұйымның ресурстық тұғырды нығайтуға тырысуы; феноменнің өлшемділігі және тестерді әзірлеу мен шкалаларды жалпы көрсеткіштерге кіріктіру. Теория мен практиканың тәуекел аймақтары, даму мүмкіндіктері немесе бағыттары: тұлғаның психологиялық капиталы мен ұйымның арасындағы байланысты іздеу қиындығы, әрі қарай инвестицияны жоспарлау үшін адами капиталды дамыту; мәдени бейімделуде және капиталды дамыту стратегияларындағы «жекелікті-ұжым-

дылықты» ескеру; профессиограммада, маманның кәсіби бағдарында және т.б феноменді бағалаудың пайда болу мүмкіндігі.

Студенттердің бойында психологиялық капиталды дамыту олардың өмірлік маңызды дағдыларын, кәсіби бейімделу қабілетін арттыруға ықпал етеді. Д.Гуптаның (2025) бағалауы бойынша психологиялық капитал PIES – психологиялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік капиталдар аясындағы адамның төрт негізгі капиталының бірі ретінде сипатталады. «Психологиялық капитал» ұғымы позитивті психологияға негізделген ұйымдастырушылық психология саласында зерттеледі және оның теориялық негізіне сүйенеді.

Венгриялық ғалым М. Lehoczky (2013) жүргізген зерттеулерге сүйенсек, жеке тұлғаның психологиялық капиталы жұмыс іздеу барысындағы табыстылықпен, жалақы деңгейімен және мансаптық қанағаттанумен өзара тығыз байланысты. Сауд Арабиясындағы зерттеушілер – N.S. Alkahtani, M.M. Sulphey және әріптестері (2020) психологиялық капитал мен жұмыс орнындағы әл-ауқат пен қызметкердің жұмысқа тартылуы арасындағы байланысты қарастырған. М. Asbari, A. Prasetya және басқа да авторлар (2021) психологиялық капитал мен креативтілік арасындағы өзара байланысты зерттеген. Ал D. Vilarino del Castillo және E. Lopez-Zafra (2022) өздерінің шолу мақаласында психологиялық капиталдың шығармашылық, денсаулық, еңбек өнімділігі, ұйым ішіндегі климат, жұмысқа қанағаттану және көшбасшылықпен байланысын қарастырған әлемдік зерттеулерді жүйелеп берген.

Психологиялық капиталды (ПсиКап) өлшеу мақсатында жоғары оқу орындарының студенттеріне бейімделген орысша нұсқа негізінде зерттеу жүргізілді (Маралов, т.б., 2022, 175). Орыс тіліндегі нұсқаны бейімдеу бойынша зерттеудің аралық нәтижелерімен таныстырамыз. Сауалнаманың бұл нұсқасы қазақ тіліне екі аудармашы тарапынан аударылды. Кейін үшінші аудармашы нұсқалардың негізінде біріккен нұсқаны дайындады, ол жобаның жұмыс тобымен талқыланып, нақтылаудан өтті. Бұдан бөлек, сауалнаманың ағылшын тіліндегі түпнұсқасын қазақ тіліне бейімдеу және аудару бойынша жеке зерттеу жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Бейімделу әдістемені жаңа жағдайларда қолданудың сәйкестігін қамтамасыз етудегі іс-шаралар кешені болып табылады. (Митина,

2013) Зерттеу дизайнына келесі кезеңдер кіреді: феноменнің теориялық ережелерін үйрену; олардың нұсқаулықтары мен әдістеменің аудармасы; жүргізілген әдістеменің психометриялық талдауы; әдістемені стандарттау. Практикалық зерттеу жүргізу үшін көптеген елдерде айрықша танымал болған Ф. Люфанс және т.б авторлардың «Психологиялық капитал» түсінігі «PsyCap-24» (2007) таңдалды. «PsyCap-24» сауалнамасының ағылшын тіліндегі нұсқасы әлемнің 40-дан астам тіліне аударылған. Сонымен қатар оның студенттерге бейімделген, қайта өңделген орыс тіліндегі баламасы (Маралов және т.б., 2022) таңдап алынды.

Сауалнаманы аудару және валидтеу үшін 2025 жылы MindGarden компаниясынан рұқсат алынды. Сауалнамаларды валидтеу және бейімдеу процедурасы Халықаралық Тест Комиссиясының (International Test Commission, 2017) ұсынымдарына сәйкес жүргізілді. Статистикалық талдау әдістер арқылы сауалнамалардың валидтілігі анықталды. Аталған әдістердің нәтижелері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Этикалық комитеті тарапынан мақұлданды.

Әдістеменің тікелей аудармасы бір-біріне тәуелсіз екі аудармашымен жүргізілді, одан кейін үшінші аудармашы сауалнаманы жинақтап, аударма жұмысшы тобымен пікірталаста талқыланды. «Психологиялық капитал» әдістемесінің орыс тіліндегі нұсқасын бейімдеуді жалпы сұрыптауға 647 человек (N = 647) адам қатысты. Зерттеуге қатысатын респонденттерді таңдау осы зерттеудің мақсаттары және репрезентативтілік ұстанымын ескере отырып жүзеге асырылды. Таңдаудың негізгі өлшемдері жасы, жынысы, білімдік мәртебесі, мәдени және тілдік ерекшеліктері (әдістеме тілін меңгеруі) және қатысуға еріктілік болып саналды. Бейімделу нәтижелерінің шынайылығы мен жүйелі қателіктерді азайтуды қамтамасыз етуде кездейсоқ сандардың генераторын қолдану және кездейсоқ таңдау рәсімі қолданылды.

Әдістеменің психометриялық сипатын, құрылымдық келісушілікті бағалау моделін тексеру үшін келесі әдістер пайдаланылды:

– эксплораторлы факторлық талдау (EFA) – латенттік құрылымды табу мақсатында және әдістемелік пункттердің факторларға қалай топтасатынын анықтауда қолданылады. Аталған әдістемені қолданудың қажеттілігі ұсынылған теориялық үлгінің эмпирикалық құрылымға сәйкестігін орнату мақсатында зерттеу нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтермен негізделеді. Факторлық талдау теориялық

үлгіге әсер ететін мәдени-арнайы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

– растаушы факторлық талдау (CFA) – алынған факторлық құрылымның тұрақтылығын және келісімділігін тексеру үшін қолданылды. Аталған әдісті таңдау алынған үлгінің жобалық валидтілігін растау ғана емес, сол сияқты оны қайта шығарудың қажеттілігін негіздеу;

– Колмогоров-Смирнов және Шапиро-Уилк өлшемдері статистикалық әдістердің дұрыс іріктелуі және ауытқушылықты табу мақсатында нәтижелерді интерпретациялауға әсер ететін мәліметтердің бірқалыпты бөлінуін тексеру үшін қолданылды;

– Спирменнің рангтік корреляциясының коэффициенті – шкалалар арасындағы өзара байланысты және конвергенттік валидтілік пен сенімділікті бағалау үшін қолданылады. Бұл әдіс шығарындыларға біршама тұрақты және дұрыс емес бөлінулері бар талдау мәліметтеріне дәл келеді.

Нәтижелер мен талқылау

Психодиагностикалық зерттеу Farabi University, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және ОҚПИ-ның (N=647) 647 студенті қатысты. Аталған іріктеу кездейсоқ таңдалып, N = 447 – EFA (ШФТ шолушы факторлық талдау), N = 200 CFA (растаушы факторлық талдау) сияқты екіге бөлінген талдаудан тұрады.

Әдістемені бейімдеудің алғашқы кезеңінде зерттелетін психологиялық құбылыстардың құрылымын алдын ала болжамсыз, яғни түпнұсқа сауалнаманың құрылымын ескермей, латентті факторларды анықтау мақсатында шолушы факторлық талдау (exploratory factor analysis, EFA) жүргізілді. Бұл процедураның мақсаты- мәдениетаралық айырмашылықтарды және зерттелетін ұғымдарды қабылдау ерекшеліктерін анықтау болды.

1-кесте

Іріктеудің әлеуметтік-демографиялық (жалпы, EFA, CFA)

	Жалпы психометриялық эксперимент	Шолушы факторлық талдау (EFA) Эксплораторлық факторлық талдау іріктемесі	Растайтын факторлық талдау (CFA) Растаушы факторлық талдау іріктемесі
Адамдардың жалпы саны	647	447	200
Әйелдер	562 (86,86%)	384 (85,9%)	178 (89%)
Еркектер	85 (13,14%)	63 (14,1%)	22 (11%)
Студенттердің орташа жасы	18,5	18,46	18,61

Крайзер-Майер-Олкин (КМО) коэффициенті – 0,921 деңгейінде болып, таңдаманың факторлық талдауға жарамдылығының жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар, Бартлеттің сферикалықтығы критерийі де ($\chi^2(276) = 6257,336, p < 0,001$) статистикалық жағынан мәнді, бұл зерттелетін айнымалылар арасында елеулі өзара байланыстардың бар екенін дәлелдейді.

Зерттеудің EFA нәтижелері бойынша үш латенттік фактор анықталды. Олар бірігіп жалпы дисперсияның 59,658% түсіндіреді. Сауалнаманың барлық 24 тармағының факторлық жүктемесі 0,5-тен жоғары көрсетті. Айналдырудан кейін әрбір фактордың жалпы дисперсияға қосқан үлесі келесідей бөлінді:

- 1-фактор (Өзін тиімді сезіну) – 26,89% дисперсияны түсіндіреді;

- 2-фактор (Төзімділік) – 19,30% дисперсияны түсіндіреді;

- 3-фактор (Үміт) – 13,46% дисперсияны түсіндіреді.

2- кестеде сауалнама сұрақтарының факторлық жүктемелері көрсетілген.

3-кестеде – Маралов және т.б.(2022) сауалнамасы бойынша сұрақтардың шкалаларға бөлінуі берілген.

Факторлық талдау модельдің үш нақты факторға бөлінетінін көрсетті. Сауалнама құрылымы мынадай (кесте 3).

2-кесте

М. Маралов, М. Құдақа және О. Смирнова (2022) психологиялық капитал сауалнамасы бойынша сұрақтардың факторлық жүктемелері

Сұрақтар	Фактор 1	Фактор 2	Фактор 3
Q23	0,817		
Q24	0,801		0,104
Q19	0,765	-0,109	0,136
Q22	0,761		0,203
Q16	0,725		0,144
Q17	0,723		0,297
Q8	0,655		0,334
Q10	0,650	-0,154	0,333
Q11	0,647	-0,105	0,175
Q15	0,640		0,281
Q6	0,555	-0,104	0,490
Q13	0,521		0,384
Q21		0,813	
Q12		0,789	
Q7	0,131	0,777	-0,140
Q9		0,756	
Q5		0,748	-0,197
Q20	-0,211	0,732	
Q14		0,716	
Q18		0,679	
Q1	0,319		0,840
Q3	0,351		0,821
Q2	0,339		0,792
Q4	0,489	-0,122	0,503

Факторларды экстракциялау әдісі: басты компоненттер әдісі

Айналдыру әдісі: Кайзер нормализациясымен Varimax

а. Айналдыру 5 итерациядан кейін

3-кесте

В. Маралов, М. Құдақа және О. Смирнова (2022) сауалнамасы бойынша сұрақтардың шкалаларға бөлінуі

	1-шкала (Тиімділік)	2-шкала – бұл шкала тек кері бағытталған сұрақтардан тұрады.	3-шкала (Болашаққа сенім / Оптимистік көзқарас)
C23	Мен тіпті қиын тапсырмаларды да жақсы деңгейде орындай алатын қабілеттілігіме сенемін.	C21 Мен біліміммен байланысты қиындықтарды (оқуда, өмірде, тұрмыстық жағдайларда) жеңуге дайын емеспін.	C1 Мен білім алуға байланысты мақсаттарыма жететініме сенімдімін
C24	Мен өртүрлі ақпарат көздерімен (кітап, мақала, интернет және т.б.) жұмыс істеу дағдыларын қажет ететін оқу тапсырмаларын орындау кезінде өзімді сенімді сезінемін .	C12 Менің бастаған оқу жұмысымды соңына дейін жеткізуге көбінесе ерік-жігерім жетпейді.	C3 Мен өзіме және болашағыма сенемін.

1-шкала (Тиімділік)	2-шкала – бұл шкала тек кері бағытталған сұрақтардан тұрады.	3-шкала (Болашаққа сенім / Оптимистік көзқарас)
C19 Мен оқудағы әртүрлі қиындықтарды жеңе аламын, өйткені менің оларды (мектепте) жеңуде бұрыннан тәжірибем бар.	C7 Әдетте, семинарларда немесе практикалық сабақтарда оқу мәселелерін талқылауға қатысқан кезде мен өзімді сенімсіз сезінемін.	C2 Мен оқу жұмысын қалауым мен жігеріме сәйкес орындаймын .
C22 Оқу жұмысында сәтсіздікке ұшыраған кезде, мен қайтадан оң нәтижелерге қол жеткізуге тырысамын.	C9 Оқудағы сәтсіздіктермен бетпебет келгенде, мен болашақта бәрі жақсы жаққа өзгеретініне сенімділік таныта алмаймын .	C4 Әдетте, оқу үдерісінде туындайтын күйзелістік жағдайларға сабырлылық танытамын .
C16 Мені оқудағы қиындықтар қорқытпайды.	C5 Орындалған тапсырманы оқытушыға (жобаны, курстық жұмысты) ұсынғанда өзімді сенімсіз сезінемін.	
C17 Мен өз білімімнің саласы және өз білімімді дамыту бойынша өзіме мақсат қойып, оған қол жеткізе аламын.	C20 Оқу жұмысымда кездесетін кез-келген сәтсіздік немесе нәтижеге қол жеткізе алмаудың ешқандай «жарқын» жағымды жақтары жоқ.	
C8 Оқу жұмысымның тиімділігі төмендеп бара жатқанын білгенде, мен туындаған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табамын.	C14 Мен көбінесе оқу тапсырмаларын кейінге қалдырамын.	
C10 Қысқа мерзім аралығында көп орындау қажет болған кезде мен оқудағы жоғары жүктемелерге төтеп бере аламын.	C18 Оқудағы сәтсіздіктер, мысалы, қанағаттанарлықсыз бағалар немесе емтихандағы сәтсіздіктер мені ренжітеді және үмітсіздікке жетелейді.	
C11 Мен аудитория алдында баяндама (хабарлама) жасағанда өзімді сенімді сезінемін.		
C15 Менің бүгінгі оқу жетістіктерім болашақта да орын алады деп сенемін.		
C6 Егер мен оқу тапсырмаларын орындауда қиналсам, оларды орындаудың жаңа тәсілдерін таба аламын.		
C13 Мен болашаққа, жұмысқа орналасу мүмкіндігіне, жаныма жақын және қабілетіме қарай жұмыс таңдауыма оптимистік көзқараспен қараймын.		

Одан кейін алынған шкалалардың ішкі келісімділігі мен сенімділігі тексерілді. Бұл үшін

Кронбах-альфа коэффициенті мен Макдональд-омега қолданылды (4-кесте).

4-кесте

α-Кронбах және ω-Макдональд критерийлері бойынша шкалаларды тексеру

Шкалалар N = 447	α-Кронбах	ω
Тиімділігі	0,922	0,922
Тұрақсыздық	0,892	0,891
Оптимизм	0,871	0,876

Растайтын факторлық талдау (CFA) жүргізу

Растайтын факторлық талдауға 200 адамнан тұратын іріктеме алынды (1-кесте). Алынған үш факторлы модель растаушы факторлық талдаудан өтті.

Деректердің қалыпты таралу заңына сәйкестігін бағалау үшін Лилиефорс түзетуімен Колмогоров-Смирнов критерийі қолданылды. Таралудың қалыптылығын тексеру әр шкала үшін жеке жүргізілді. Үш шкаланың барлығында да Колмогоров-Смирнов критерийі бойынша қалыпты емес бөлу тіркелді (5-кесте).

Модельді одан әрі тексеру және нақтылау үшін WLSMV (Weighted Least Squares Mean

and Variance adjusted) бағалау әдісі қолданылған растаушы факторлық талдау жүргізілді. Бұл әдіс реттілік шкалаларымен (мысалы, Лайкерт шкаласы) жұмыс жасағанда анағұрлым қолайлы және $N \geq 200$ болған жағдайда үлестірімнің қалыптылығын бұзуға төзімді:

Растаушы факторлық талдау 200 адамнан тұратын жаңа деректер үлгісінде өткізілді. Мұндай талдауды жаңа іріктемеде өткізу қажет, себебі кездейсоқтыққа тәуелділіктің алдын алу керек, яғни нақты бір іріктемеге тән кездейсоқ ерекшеліктерге модельдің шамадан тыс бейімделу қаупін болдырмау үшін (1-сурет, 5-кесте).

5-кесте


Қалыпты үлестіруді тексеру

	Қалыпты үлестіру критерийі					
	Колмогоров-Смирнов ^a			Шапиро-Уилк критерийі		
	Статистика	Еркіндік дәрежесі	Мәні	Статистика	Еркіндік дәрежесі	Мәні
Шкала1	0,082	200	0,002	0,943	200	0,000
Шкала2	0,084	200	0,002	0,974	200	0,001
Шкала3	0,167	200	0,000	0,837	200	0,000

a. Лилефорстың маңыздылығын түзету

1-сурет

Сауалнама құрылымы және сұрақтардың факторлар бойынша бөлінуі (орыс тіліндегі сауалнаманы бейімдеу Пси Кап (Маралов, т.б., 2022)



6-кесте

Алынған модельдің сәйкестік көрсеткіштері

Индекстер	Алынған мәндер	Статистикалық нормалар
CFI	0,801	CFI/ TLI > 0,95 – өте жақсы
TLI	0,779	CFI/ TLI > 0,90 – қолайлы
RMSEA	0,135	RMSEA/ SRMR < 0,05 – өте жақсы
SRMR	0,073	RMSEA/ SRMR < 0,08 – қолайлы
Модельдің сәйкестігін бағалау	(χ^2) – 582.25 Еркіндік дәрежесі (df) – 227 p < 0,001	

Үш факторлы модельде (көрсетілген сызбаға қараңыз) Фактор 1 мен Фактор 3 арасында > 0.7-тен жоғары деңгейде өзара байланыс бар екені байқалады, сондай-ақ, бұл екі фактор Фактор 2-мен кері корреляцияда. Бұл – қисынды жағдай, себебі Фактор 2 тек кері тұжырымдалған сұрақтардан тұрады.

Жалпы қорытынды: алынған мәліметтер модельдің деректермен нашар сәйкестігін көрсетеді. Сауалнама құрылымы валидті емес және оны психодиагностикалық мақсатта қолдануға болмайды.

Сауалнама құрылымы:

- Фактор 1: 23, 24, 19, 22, 16, 17, 8, 10, 11, 15, 6, 13

- Фактор 2: 21, 12, 7, 9, 5, 20, 14, 18

- Фактор 3: 1, 3, 2, 4

Алынған психодиагностикалық құралдың сенімділігі мен валидтілігін тексеру

Психодиагностикалық құралдың конвергенттік валидтілігін бағалау үшін келесі стандартталған әдістемелер қазақ тіліне аударылып, қолданылды:

1. Өзіндік тиімділікті анықтау тесті (Д. Маддукс, және М. Шеер, Р. Л. Кричевскийдің жетекшілігімен Л. Бояринцева ұсынған нұсқасы);

2. Қысқа өміршеңдік шкаласының орысша нұсқасы (М.В. Алфимова, В.Е. Голимбет);

3. Диспозициялық оптимизмнің диагностикасы, сауалнаманың жарамдылығы мен сенімділігі – ТДО-П сауалнамасы (Т.О. Гордеева, О.А. Сычев, Е.Н. Осин).

Зерттеу үлгісі 277 адамды құрады (N = 277). Жарамдылығын тексермес бұрын, алынған мәліметтер Лилиефорс түзетілген Колмогоров-Смирновтың критерийін қолдана отырып, бөлудің қалыпты жағдайына тексерілді (7-кесте).

7-кестеде көрініп тұрғандай, барлық шкалалар қалыпты емес үлестірімге ие. Сондықтан «Психологиялық капитал» әдістемесі мен жоғарыда аталған әдістемелердің нәтижелері арасындағы өзара байланысты талдау үшін Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті қолданылды. Конвергенттік валидтілік нәтижелері 8-кестеде берілген.

7-кесте

Қалыпты үлестіруді тексеру

	Қалыпты үлестіру критерийлері					
	Колмогорова-Смирнов ^a			Шапиро-Уилк критерийі		
	Статистика	Ст	мәні	Статистика	Ст	мәні
«Тиімділік» шкаласы	0,073	277	0,001	0,966	277	0,000
«Тұрақсыздық» шкаласы	0,085	277	0,000	0,953	277	0,000
«Оптимизм» шкаласы	0,131	277	0,000	0,900	277	0,000

a. Лилиефорс мәнін түзету

8-кесте

Сауалнама шкалалары мен өзіндік тиімділік, өміршеңдік және оптимизм әдістері арасындағы корреляциялық талдау

	Өзіндік тиімділікті анықтау тесті (Д.Маддукс, және М.Шеер)	Қысқа өміршеңдік шкаласының орыс тіліндегі нұсқасы (М.В. Алфимова, В.Е.Голимбет)	Диспозициялық оптимизмнің диагностикасы, ТДО-П сауалнамасының жарамдылығы мен сенімділігі (Т.О. Гордеева, О.А. Сычев, Е.Н. Осин)
Шкала 1 (Тиімділік)	0,262**		
Шкала 2 (Тұрақсыздық)		-0,418**	
Шкала 3 (Оптимизм)			0,401**

Корреляция 0,01 деңгейінде маңызды

Жалпы алғанда, корреляция бар, бірақ ол төмен. Әсіресе, «Тиімділік» шкаласында. Егер 0,05 деңгейін алсақ, көрсеткіштер сәл жоғары болады.

Психодиагностикалық құралдың сенімділігін тексеру

Алынған психодиагностикалық құралдың сенімділігін тексеру үшін қайта қолдану әдісі (ретест) пайдаланылды. Бірінші және екінші өткізу аралығы 45 күн болды – бұл халықаралық стандартқа сәйкес (4 аптадан кем емес және 6 айдан аспауы тиіс).

Сенімділікті тексеру үлгісі 115 адамды құрады (N = 115). Деректердің қалыпты таралу заңына сәйкестігін бағалау үшін екі статистикалық критерий қолданылды:

Колмогоров-Смирнов (Лиллиефорс түзетуімен) және Шапиро-Уилк критерийлері қолданылды. Статистикалық талдау нәтижесінде кейбір шкалаларда қалыпты үлестірімнен ауытқулар анықталды.

Осыны ескере отырып, бірінші және екінші нәтижелер арасындағы байланысты талдау үшін Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті қолданылды. Нәтижелер 9-кестеде көрсетілген.

9-кестеден көріп отырғанымыздай, әдістеменің уақытқа төзімділігі аса жоғары емес. Бұл тестке қатысушылардың жауаптары өртүрлі факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін екенін білдіреді, сондықтан олардың бойында осы сипаттамалардың қаншалықты айқын көрінетінін нақты бағалау қиын.

9-кесте

Сауалнаманың бірінші және екінші қолданылуы арасындағы корреляциялық талдау нәтижелері (ПсиКап – Маралова, т.б., 2022)

Бастапқы	Екінші	Фактор 1 Тиімділік	Фактор 2 Тұрақсыздық	Фактор 3 Оптимизм	Жалпы балл
Фактор 1 Тиімділік		0,242; p = 0,01			
Фактор 2 Тұрақсыздық			0,201; p = 0,05		
Фактор 3 Оптимизм				0,092 (маңызды емес)	
Жалпы балл					0,202; p = 0,05

F. Luthans, C.M. Youssef u B.J. Avolio (2007) ұсынған ағылшын тіліндегі сауалнаманы тексеру

Сол сияқты ағылшын тіліндегі әдістемені валидациялау жүргізілді. Бұған 656 адам қатысты, алынған әдістеме тиімділігі 400 респондентте тексерілді. Олардың ішінде 349 (87,25%) – әйелдер, 51 (12,75%) – ерлер.

Психодиагностикалық құралдардың алынған нұсқасы жоғары сенімділікке ие және көрсетілген психологиялық құрылымдарды дәл өлшейді.

Төрт шкаланың үшеуі (альфа Кронбаха, омега Макдональда бойынша ішкі келісімділіктің жоғары көрсеткіштерін көрсетті. Диагональды өлшенген ең кіші квадраттар әдісі арқылы жүргізілген растаушы факторлық талдау модельдің

сәйкестік индекстерінің жоғары екенін көрсетті, бұл құралдың құрылымдық валидтілігінің жарамдылығын көрсетеді.

Алынған деректерге сүйене отырып, қазақтандық іріктемеге бейімделу барысында алынған F. Luthans, С. М. Youssef және В. J. Avolio сауалнамасының ағылшын тіліндегі нұсқасы бойынша сауалнаманың жаңа құрылымы психологиялық капиталды өлшеудің сенімді және жарамды құралы болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Тиімділік шкаласы бойынша қатысушылардың көпшілігі (51,75%) *орта деңгей* көрсетті, бұл олардың өз қабілеттеріне деген сенімділігі мен қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктерінің қалыпты деңгейде екенін білдіреді. Сонымен қатар, 22,5% респонденттер жоғары деңгей көрсетіп, өз мүмкіндіктеріне деген айқын сенімділікті білдірсе, 25,75%-да тиімділік деңгейі төмен болды, бұл өз қабілеттеріне күмәндану мен өзін-өзі төмен бағалауға бейімділігін көрсетуі мүмкін.

Тұрақтылық шкаласы бойынша да орта деңгей (43,5%) басым. 30,5% респонденттер жоғары нәтижелер көрсетті, бұл қиындықтарды еңсере білу мен ішкі тепе-теңдікті сақтай алу қабілетінің жоғары екенін білдіреді. Ал 26% қатысушыларда төмен тұрақтылық деңгейі анықталды, бұл стресс жағдайларына бейімделу қиындықтары мен төмен күйзеліске төзімділікті көрсетуі мүмкін.

Үміт шкаласы бойынша: 88,25% қатысушы жоғары деңгей көрсетті, бұл олардың мақсатқа беріктілігі, мақсатқа жету жолдарын таба білуі және болашағына сенімділігі жоғары екенін білдіреді. Тек 1,75% қатысушылар ғана төмен үміт деңгейін көрсетті, бұл осы іріктеме үшін ерекшелік ретінде қарастырылуы мүмкін.

Талқылау. PsyCap-24 сауалнамасы 46 тілге аударылған. Бейімділік және валидизация келесі елдерде жүргізілген: Испания, Германия, Оңтүстік Африка, Бразилия, Сауд Арабиясы және т.б. (Djourova, т.б., 2019 (Испания); Gorgens-Ekermans, Herbert, 2013, (Оңтүстік Африка); Cid, Martins, т.б., 2020 (Бразилия); Alkahtani, т.б., 2021 (Сауд Арабиясы).

Қорытынды

«Психологиялық капитал» әдістемесінің орысша нұсқасы сынақтан өткен жоқ. Растау-

шы факторлық талдау көрсеткіштері модельдің сәйкестігінің әлсіз екендігін байқатады, бұл алынған сауалнаманың құрылымы сенімді емес екенін білдіреді. Қайта тестілеу нәтижелері әдістеменің уақыт өте тұрақты емес екенін көрсетті. Осыған байланысты, бұл модель аталған психологиялық сипаттамаларды диагностикалау үшін қолдануға жарамсыз деп есептеледі.

Керісінше, F. Luthans, С.М. Youssef и В. J. Avolio, (2007) жасаған ағылшын тіліндегі нұсқасы сауалнаманың қазақстандық іріктемеге бейімделген нұсқасы – психологиялық капиталды өлшеуге арналған сенімді және валидті құрал болып табылады. Осылайша, қазақстандық іріктемеге бейімделу барысында алынған F.Luthans, С.М. Youssef және В. J. Avolio сауалнамасының ағылшын тіліндегі нұсқасы психологиялық капиталды өлшеуге арналған сенімді және валидті құрал болып табылады.

Студенттер іріктемесі негізінде жүргізілген диагностика нәтижесінде «Тиімділік» шкаласы бойынша қатысушылардың 51,75%-ы орташа деңгей көрсетті; «Тұрақтылық» шкаласы бойынша да 43,5%-ы орташа деңгей көрсетті; Ал «Үміт» шкаласы бойынша 88,25% қатысушы жоғары деңгей көрсетті.

Бұл нәтижелерді студенттік іріктемемен, респонденттердің жастығымен және олардың болашаққа сеніммен, үмітпен қарауымен түсіндіруге болады. Дегенмен, олар әлі де жас маман ретінде тек орташа деңгейдегі тиімділік пен тұрақтылықты көрсетіп отыр.

Қаржыландыру

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған зерттеу жобасының нәтижелері негізінде дайындалды (грант №АР23488243 «Қазақстан және әлемдегі білім берудегі психодиагностиканың дамуы: мәдениетаралық талдау және валидация алгоритмін құру»).

Алғыс білдіру

Тест авторларына сауалнаманы бейімдеуге рұқсат бергені үшін алғыс айтамыз. Осы зерттеуге қосқан үлесі үшін п.ф.д., профессор З.Б. Мадалиеваға алғысымызды білдіреміз. Авторлар сауалнамаға қатысушыларға алғыс білдіреді.

Авторлардың үлесі

А. Мынбаева – зерттеу тұжырымдамасы мен дизайны, нәтижелерді талдау және түсіндіру;

Б. Әрінова – қолжазба жобасы, нәтижелерді талдау және түсіндіру, сауалнамалардың аудармасы;

К. Молдасан – қолжазба жобасы, деректер жинау, сауалнамалардың аудармасы;

Д. Шевелева – қолжазба жобасы, статистикалық талдау.

Н. Әсілбек – деректер жинау, сауалнамалардың аудармасы; Барлық авторлар нәтижелерді қарап шығып, қолжазбаның соңғы нұсқасын мақұлдады.

References

- Aidossova, Z. K., Kim, A. M., Khon, N. N., & Sadvakasova, Z. M. (2023). Translation and adaptation of youth version of the Bar-On emotional quotient: short (EQi: Short-RU): testing internal consistency, convergent validity, and test-retest reliability. *The Journal of Psychology and Sociology*, 85(2), 4–13. <https://doi.org/10.26577/JPSS.2023.v85.i2.01>
- Akhmetova, A.S. (2016). Test zhiznestoykosti: sootnosheniye russko i kazakhsko yazychnykh versiy na kazakhskoy vyborke [Resilience test: the ratio of Russian- and Kazakh-language versions on the Kazakh sample]. *Kazan Pedagogical Journal*, 4 (117), 134-139.
- Alkahtani, N.S., Sulphay, M. M., Delany, K., & Elneel Adow, A. H. (2020). The influence of psychological capital on workplace wellbeing and employee engagement among Saudi workforce. *Humanities and Social Sciences Reviews*, 8(5), 188-200. <https://doi.org/10.18510/hssr.2020.8522>
- Asbari, M., Prasetya, A. B., Santoso, P. B., & Purwanto, A. (2021). From creativity to innovation: The role of female employees' psychological capital. *International Journal of Social and Management Studies*, 2(2), 66-77. <https://doi.org/10.5555/ijosmas.v2i2.18>
- Daineko, V.V. (2024). Psikhologicheskiy kapital i smyslozhiznennyye oriyentatsii kak faktory pozitivnogo organizatsionnogo povedeniya [Psychological Capital and Life-Purpose Orientations as Factors of Positive Organizational Behavior]. Abstract of a PhD Dissertation. Moscow, Higher School of Economics. 40. <https://www.hse.ru/sci/diss/919681016>
- Djourova, N., Rodriguez, I., & Lorente-Prieto, L. (2019). Validation of a modified version of the Psychological Capital Questionnaire (PCQ12) in Spain. *Revista Interamericana de Psicología Ocupacional*, 37(2), 93-106. <https://doi.org/10.21772/ripo.v37n2a02>
- Gorgens-Ekermans, G., & Herbert, M. (2013). Psychological capital: Internal and external validity of the Psychological Capital Questionnaire (PCQ-24) on a South African sample. *SA Journal of Industrial Psychology*, 39(2), 1-12. <https://journals.co.za/doi/abs/10.10520/EJC144503>
- Gupta D. (2025) A Theoretical Approach to Develop Psychological Capital-Way to Empower Individuals for High Performance. *Organizational Behavior* https://www.academia.edu/28809903/A_THEORETICAL_APPROACH_TO_DEVELOP_PSYCHOLOGICAL_CAPITAL_WAY_TO_EMPOWER_INDIVIDUALS_FOR_HIGH_PERFORMANCE_docx
- International Test Commission (2017). The ITC Guidelines for Translating and Adapting Tests (Second edition). [www.InTestCom.org]
- Kamei, H., Ferreira, M. C., Valentini, F., Peres, M. F. P., Kamei, P. T., & Damásio, B. F. (2018). Psychological capital questionnaire-short version (PCQ-12): Evidence of validity of the Brazilian version. *Psico-USF*, 23(2), 203-214. <https://doi.org/10.1590/1413-82712018230202>
- Kassym, L. (2021). Separate aspects of studying value orientations of Kazakhstani student youth. *The Journal of Psychology and Sociology*, 78(3), 113–122. <https://doi.org/10.26577/JPSS.2021.v78.i3.10>
- Kasymzhanova, A. A., & Akhan, K. O. (2023). Perevod i adaptatsiya Oksfordskogo oprosnika schast'ya na kazakhskiy yazyk [Translation and adaptation of the Oxford Happiness Questionnaire into Kazakh]. *Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy*, (1), 15-25. <https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/article/view/14?locale=ru>
- Lehoczky, M.H. (2013). The socio-demographic correlations of psychological capital. *European Scientific Journal*, 9(29). <https://doi.org/10.19044/esj.2013.v9n29p%p>
- Limasheva, L., Berdibayeva, S., & Garber, A. (2025). Adaptation of the Kazakh language version of the PUMP (Problematic use of mobile phone) survey. *Bulletin of Abai KazNPU. Series of Psychology*. 82 (1), 228–238. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.82.1.020>
- Luthans F., Youssef C.M., & Avolio B.J. (2007). Psychological capital: Developing the Human Competitive Edge. Oxford: Oxford University Press, 2007. Vol. 198. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780195187526.001.0001>
- Maralov, V.G., Kudaka, M.A., & Smirnova, O.V. (2022). Razrabotka i aprobatsiya russkoyazychnoy versii oprosnika "Psikhologicheskiy kapital" dlya ispol'zovaniya v sfere vysshego obrazovaniya [Development and testing of the Russian-language version of the questionnaire "Psychological capital" for use in higher education]. *Pedagogical Review*, 6 (46), 168-180. <https://doi.org/10.23951/2307-6127-2022-6-168-180>
- MindGarden (2024). Tools for Positive Transformation. Psychological Capital Questionnaire. Authors: Fred Luthans, Bruce J. Avolio, & James B. Avey. URL: <https://www.mindgarden.com/136-psychological-capital-questionnaire#horizontalTab4>
- Mitina, O. (2020). Razrabotka i adaptatsiya psikhologicheskikh oprosnikov. [Development and adaptation of psychological questionnaires]. LitRes.

Saryaprapa, S., Tuicomepee, A., & Watakakosol, R. (2013). Validation of psychological capital questionnaire in Thai employees. *In Proceedings of the Asian Conference on Psychology and the Behavioral Sciences*, 394-399. https://papers.iafor.org/wp-content/uploads/papers/acp2013/ACP2013_0328.pdf

Slanbekova, G., Kabakova, M., Tolegenova, A., Mun M., & Duisenbekov, D. (2014). Adaptation of russian version of questionnaire «fisher divorce adjustment scale». *The Journal of Psychology and Sociology*, 50(3), 49-58. <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/389>

Umurkulova, M. M., Sabirova, R. Sh., Kasymova, L. S., Moon, M. V., & Karipzhanova, Sh. S. (2020). Adaptatsiya na russkiy yazyk oprosnika psikhologicheskogo samochuvstviya studentov (The Student Well-Being Process Questionnaire) [Adaptation into Russian of the Student Well-Being Process Questionnaire]. *The World of Pedagogy and Psychology*, (3), 147-159.

Vilarino del Castillo, D., & Lopez-Zafra, E. (2022). Antecedents of psychological capital at work: a systematic review of moderator–mediator effects and a new integrative proposal. *European Management Review*, 19(1), 154-169. <https://doi.org/10.1111/emre.12460>

Zholdassova, M., Borbasova, G., Kamzanova, A., Kudaibergenova, S., Bildebayeva, D., Nelson, E., & Kustubayeva, A. (2020). Diagnostic Study of Depressive State Among University Students by Using Kazakh Version of Inventory of Depressive Scal. *Journal of Educational Sciences*, 64(3), 38–47. <https://doi.org/10.26577/JES.2020.v64.i3.04>

Авторлар туралы мәлімет:

Мынбаева Әйгерім Қазықызы (корреспондент-автор) – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.edu.kz).

Әринова Бақыт Айтұқызы – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім бері менеджменті кафедрасының ассистент-профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты (Алматы, Қазақстан, e-mail: baxit-a@mail.ru).

Молдасан Қуаныш Шорманқызы – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім бері менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты (Алматы, Қазақстан, e-mail: moldasank@mail.ru).

Шевелева Дарья Денисовна – «Өркен» балалардың әл-ауқатын қорғау жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық институты, психология мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистр (Алматы, Қазақстан, e-mail: Darya.Sheveleva@outlook.com).

Әсілбек Нұртаң – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: nurtang.assilbek@mail.ru).

Information about authors:

Mynbayeva Aigerim (corresponding-author) – Farabi University, Department of General and Applied Psychology, professor, doctor of pedagogical sciences (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.edu.kz).

Arinova Bakhyt – Farabi University, Department of Pedagogy and Educational Management, assistant professor, candidate of pedagogical sciences (Almaty, Kazakhstan, e-mail: baxit-a@mail.ru).

Moldassan Kuanysh – Farabi University, Department of Pedagogy and Educational Management, docent, candidate of pedagogical sciences (Almaty, Kazakhstan, e-mail: moldasank@mail.ru).

Sheveleva Dariya – «Orken» National Scientific and Practical Institute for the Protection of Children’s Welfare, master of Social Sciences in Psychology (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Darya.Sheveleva@outlook.com).

Assilbek Nurtan – Farabi University, Department of Pedagogy and Educational Management, PhD student (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurtang.assilbek@mail.ru).

Сведения об авторах:

Мынбаева Айгерим Казыевна (автор-корреспондент) – профессор кафедры общей и прикладной психологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор педагогических наук (Алматы, Казахстан, e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.edu.kz).

Аринова Бақыт Айтұовна – ассистент-профессор кафедры педагогики и менеджмента образования Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат педагогических наук (Алматы, Қазақстан, e-mail: baxit-a@mail.ru).

Молдасан Қуаныш Шормановна – доцент кафедры педагогики и менеджмента образования Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат педагогических наук (Алматы, Казахстан, e-mail: moldasank@mail.ru).

Шевелева Дарья Денисовна – Национальный научно-практический институт защиты благополучия детей «Өркен», магистр социальных наук в области психологии (Алматы, Казахстан, e-mail: Darya.Sheveleva@outlook.com).

Әсілбек Нұртаң – докторант PhD Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nurtang.assilbek@mail.ru).

Келін түсті: 24 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 19 мамыр 2026 жыл